

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 желтоқсандағы N 1184 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 852 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 852 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 29, 359-күжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесінде:

10-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы азаматының паспорты Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы Қазақстан Республикасының мына азаматтарына ресімделеді:

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрып жатқандарға; шет мемлекеттердің аумағында орналасқан оқу орындарында күндізгі оқу нысанында білім алушыларға;

шет мемлекеттерде кемінде бір жыл мерзімге жасалған еңбек шарты бойынша жұмыс істеп жатқандарға;

көрсетілген адамдардың олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне; шетелде дипломатиялық қызметтің персоналымен бірге тұратын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дипломатиялық немесе қызметтік паспортты алуға құқығы жоқ дипломатиялық қызмет персоналының туысқандарына . " ;

11-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы Ереженің 10-тармағының үшінші абзацында көрсетілген адамдар жоғарыда көрсетілген құжаттардан бөлек, сондай-ақ олардың тұру; оқу; жұмыс істеу отбасылық жағдайы фактісін; растайтын құжаттардың көшірмелерін

Ұ с ы н а д ы . " .

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК